



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 13 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2008 ЖЫЛҒЫ 16 СӘУІР
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы**

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2008 жылғы 15 сәуірде мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	19 779,9	19 586,6
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер ²	17 791,6	17 791,6
Алтын	1 988,3	1 795,0
Ақша базасы, млрд. теңге	1 498,5	1 498,5
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 467,5	1 467,5
ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ⁴ , млрд. теңге	31,05	31,05
KZT/USD (кезең аяғында)	120,44	120,30
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	917,75	828,50

1 2007 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

3, Тар ақша базасы – ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы сәуірдің бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды.

Ағымдағы бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,7% (немесе 517,7 млн. долл.) өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу, Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына валютаның түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының төмендеуімен бейтараптандырылды.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (ЕАВ) 559,9 млн. долл. ұлғайды, алтынмен активтер оның әлемдік нарықтарда бағасының 2,1% төмендеуі нәтижесінде 42,2 млн. долл. төмендеді.

Елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 23 345,9 млн. долл.) қоса алғанда 43 128,7 млн. долл. болды. Өткен айға қарағанда өсу 1,7% болды.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі 2008 жылғы сәуірдің бірінші жартысында төмендеуі ақша базасының 5,1% (немесе 80,3 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.